

Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай, Зырян және Күршім аудандары аумағында "Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2011 жылғы 25 тамыздағы N 189 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 23 қыркүйекте N 2554 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 123-бабына, «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына және 18, 43, 48-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, ұсынылған жобаларды қарап, «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесін қолайсыз сыртқы әсерден ерекше күзету мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1 . М ы н а л а р :

1) жер пайдаланушылар мен меншік иелерінен жер учаскелерін алмай, Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай, Зырян және Күршім аудандары аумағында «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Парк) ені 2 километрден кем емес қорғау аймағы;

2) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Парктің қорғау аймағының көлемдері мен ш е к а р а л а р ы ;

3) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 43 және 48-баптарына сәйкес Парктің қорғау аймағы аумағында табиғат пайдаланудың режимі мен тәртібі белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Г.В. Пинчукке ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Сапарбаев

Келісілді:

Ш ы ғ ы с Қ а з а қ с т а н о б л ы с т ы қ
о р м а н ж ә н е а ң ш ы л ы қ ш а р у а ш ы л ы ғ ы
аумақтық инспекциясының бастығы А. Калмыков

**«Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік
мекемесінің қорғау аймағының көлемдері мен шекаралары**

1. Қорғау аймағының жалпы аумағы - 46774,1 гектар.

2. Катонқарағай, Зырян және Күршім аудандарының жерлерінде қорғау аймағы «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесінің шекарасын бойлай орналасқан, шығысында ресей-қытай шекарасының түйіліскен жерінен бастап оңтүстікке қарай «Марқакөл орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесінің аумағына дейін; оңтүстік-батыста «Марқакөл орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесінің аумағынан бастап Форпост хуторына дейін; батысында «Үлкен-Нарын орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесінің аумағынан бастап, одан әрі солтүстікке қарай «Зырян орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесінің аумағымен Ресей Федерациясының шекарасына дейін.

Қорғау аймағына «Үлкен-Нарын орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесіне тиісті - 1320,0 гектар, «Зырян орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі» мемлекеттік мекемесіне - 2589,0 гектар, 10952,9 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер және 31912,2 гектар босалқы жерлер кіреді.